

Қаныш Сәтпаев атындағы каналды санитарлық қорғау режимі туралы ережені бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 14 қазан N 1259

Ескерту. Қаулының атауы өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.10.31. N 1082 қаулысымен .

Орталық Қазақстан орталықтандырылған шаруашылық-ауыз сумен, өнеркәсіп және ауыл шаруашылығын сумен жабдықтау көзі ретінде Қаныш Сәтпаев атындағы каналды берілетін судың тиісті сапасы мен оны пайдаланудың санитарлық сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қаныш Сәтпаев атындағы каналды санитарлық қорғау режимі туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін. <*>

Ескерту. Кіріспе және 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.10.31. N 1082 қаулысымен .

2. Қазақ КСР Премьер-Министрінің 1991 жылғы 6 қарашадағы N 187 өкімінің күші жойылған деп танылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1 9 9 6 ж ы л ғ ы 1 4 қ а з а н д а ғ ы

N 1 2 5 9 қ а у л ы с ы м е н

Бекітілген

**Қаныш Сәтпаев атындағы каналды санитарлық қорғау
р е ж и м і т у р а л ы**

ЕРЕЖЕ <*>

Ескерту. Ереже атауы өзгерді, бүкіл мәтін бойынша сөздер ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2003.10.31. N 1082 қаулысымен .

Осы Ережеде Орталық Қазақстанды орталықтандырылған шаруашылық-ауыз сумен , өнеркәсіп және ауыл шаруашылығын сумен жабдықтаудың көзі ретінде Қаныш Сәтпаев атындағы каналды берілетін судың тиісті сапасы мен оны пайдаланудың санитарлық сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында каналды санитарлық қорғау режиміне қойылатын негізгі талаптар белгіленеді.

**1. Қаныш Сәтпаев атындағы каналды санитарлық
қорғау аймағы**

1. Қаныш Сәтпаев атындағы каналды санитарлық қорғау аймағы екі белдеу құрамында: біріншісі - қатаң режим белдеуі, ал екіншісі - шектеу белдеуі деп

б е л г і л е н е д і .

2. Қаныш Сәтпаев атындағы каналды санитарлық қорғау аймағының бірінші белдеуінің шекарасы :

а) Белая өзенінің тармағында қайнар көзінен бастап су жинауға дейінгі барлық ұзына бойына Белая өзенінің тармақталар сағасынан бастап ені сол жағалауы бойынша 0,25 шақырым, оң жағалауы бойынша 0,5 шақырым;

б) канал бойынша: барлық ұзына бойына 0,3 шақырым, канал сағасынан бастап 0,15 шақырымнан ;

в) Екібастұз және Тұзды су қоймасы бойынша 1-10 гидротораптары; жергілікті рельефтерге байланысты НПУ кезіндегі су деңгейінен 0,1-ден 0,3 шақырымға дейін белгіленеді .

3. Қаныш Сәтпаев атындағы каналды санитарлық қорғау аймақтарының бірінші белдеудің шекаралары су жинау, елді мекендер, канал арқылы өтетін көпірлер, қалқалаушы құрылыстар мен резервтік су қоймалары (Тұзды, Екібастұз) ауданында далалық үлгідегі шарбақпен қоршалынады.

4. Қаныш Сәтпаев атындағы каналды санитарлық қорғау аймағының екінші белдеуінің шекаралары осы Ережедегі қосымшаға сәйкес белгіленеді.

5. Қаныш Сәтпаев атындағы каналды санитарлық қорғау аймағының бірінші белдеудің шекаралары белгіленген тәртіппен жер бөлініп берілгеннен кейін нақты аралық белгімен, ал екінші белдеудің шекаралары айыру белгілерімен (темір-бетон бағаналармен) бекітіледі.

6. Орталықтандырылған шаруашылық-ауыз сумен жабдықтаудың қайнар көздерін санитарлық қорғау аймағының мөлшері және олардың аумағындағы санитарлық режимі (шаралары) қолданылып жүрген нормативтік құжаттарға сәйкес қабылданады және мемлекеттік қадағалау жөніндегі органдармен белгіленген тәртіп бойынша келісіледі.

2. Қаныш Сәтпаев атындағы каналды санитарлық қорғау аймағының бірінші белдеуінің санитарлық режимі

7. Қаныш Сәтпаев атындағы каналды санитарлық қорғау аймағының бірінші белдеуінің аумағында :

а) қандай да бір объектілерді, су жинау, су реттеуіш, қорғаныш және басқа да арнайы мақсаттағы ғимараттардан басқа;

б) сұйық отынмен жұмыс істейтін насос станцияларын пайдалануға;

в) адамдардың тұруына, кір жууға, машиналар мен техниканы қоюға және жууға, су қорғау аймағының аумағын, канал мен су қоймаларының суын ластайтын басқа да әрекеттерге ;

г) каналға және су қоймаларына коллекторлық-дренаждық суларды өнеркәсіптік және шаруашылық-фекальды канализациялық сарқынды суларды, оларды тазарту дәрежесіне қарамастан, төгуге;

д) мал жаю үшін, ұстауға, суаруға және тоғытуға, суға жүзетін құстарға жем беруге, теріні суға салуға және жүнді шаюға, жұқпалы ауруға шалдыққан малдарды канал арқылы өткізуге;

е) улы химикаттардың, органикалық және минералды тыңайтқыштардың барлық түрлерін қолдануға;

ж) тыңайтқыштарды, пестицидтерді, мұнай өнімдерін сақтауға арналған қоймаларды және су қорғау аймағының санитарлық жағдайына, каналдағы, су қоймалары мен Белая өзені тармағындағы судың сапасына теріс әсер ететін басқа да объектілерді орналастыруға;

з) жер жыртуға, ағашты-бұталы өсімдіктерді кесуге тыйым салынады.

8. Қаныш Сәтпаев атындағы каналды санитарлық қорғау аймағының бірінші белдеуінің санитарлық режимімен мыналарға шектеулер белгіленеді:

а) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетімен (бұдан әрі - Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті), бассейндік су шаруашылық басқармаларымен, қоршаған ортаны қорғау аумақтық басқармаларымен, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары жөніндегі комитетінің "Қаныш Сәтпаев атындағы канал" республикалық мемлекеттік кәсіпорнымен (бұдан әрі - "Қаныш Сәтпаев атындағы канал" кәсіпорны) келісе отырып, канал су қоймалары мен Белая өзені тармағы суының ластануын болдырмайтын, арнайы бөлінген жерлерде демалыс аймақтарын ұйымдастыруға, суға шомылуға, әуесқойлық балық аулауға рұқсат етіледі; <*>

б) жұқпалы аурулардан сау малдар канал арқылы тек осы мақсатқа пайдалану үшін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары жөніндегі комитетінің "Қаныш Сәтпаев атындағы канал" республикалық мемлекеттік кәсіпорнымен (бұдан әрі - "Қаныш Сәтпаев атындағы канал" кәсіпорны) және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетімен (бұдан әрі - Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті) келісілген көпірлі өткелдер арқылы ғана өткізілуі мүмкін; каналды пайдалану кезінде арнаулы жұмыстарды орындауға арналған көпірлі өткелдермен халықтың және техниканың жүріп-тұруы Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары жөніндегі комитетінің "Қаныш Сәтпаев атындағы канал" республикалық мемлекеттік кәсіпорнымен (бұдан әрі - "Қаныш Сәтпаев атындағы канал" кәсіпорны) келісім бойынша ғана іске асырылуы мүмкін;

в) рекреациялық ғимараттарға бөлінген учаскелерден басқа бірінші белдеудің аумағында болуға тек каналды пайдалануға, аумақты көркейтуге, балықты кәсіпшілік аулауға және Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары жөніндегі комитетінің "Қаныш Сәтпаев атындағы канал" республикалық

мемлекеттік кәсіпорнымен (бұдан әрі - "Қаныш Сәтпаев атындағы канал" кәсіпорны) келісілген басқа да жұмыстарға байланысты адамдарға ғана, сондай-ақ мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын адамдарға рұқсат етіледі;

г) каналдар мен су қоймаларын балық шаруашылығы үшін игеру, оны өсіру жөніндегі шаралар "Қаныш Сәтпаев атындағы канал" кәсіпорны және онымен келісім бойынша басқа да ұйымдар, Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті

және балық қорғау органдары арқылы жүргізіледі;

д) сүзгілер мен ауларды салуға, өнеркәсіптік балық аулауға байланысты басқа да жұмыстарды Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетімен (бұдан әрі - Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті) және Қаныш Сәтпаев атындағы канал" республикалық мемлекеттік кәсіпорнымен (бұдан әрі - "Қаныш Сәтпаев атындағы канал" кәсіпорны) келісім бойынша арнаулы алаңдарда ғана жүргізуге рұқсат етіледі, бұл орайда жағалар мен айдындарды балық кәсіпшілігі қалдықтарымен және жанар-жағармай материалдарымен ластауға жол-берілмейді.

Ескерту. 8-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.10.31. N 1082 қаулысымен .

9. Қаныш Сәтпаев атындағы каналды санитарлық қорғау аймағының бірінші белдеуінің санитарлық режимімен мыналар:

а) жел алып келген қоқысты өсімдіктерден каналды жүйелі түрде тазартып отыру;

б) шаруашылық ауыз-су мақсатындағы резервтік су қоймаларын су және жартылай су өсімдіктерінен ұдайы тазартып отыру;

в) шыбын-шіркейдің, масаның және басқа да қансорғыш жәндіктердің көбеюіне қарсы күресу мақсатында су қоймаларында су деңгейінің маусымдық және көпжылдық дүркінділікпен ауытқуын Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті талаптарынан туындайтын олардың жобалық режимдері шегінде жүзеге асыру ;

г) сүзбе сулар мен ластанған жер бетінің сарқынды суларының тұрып қалуын болдырмау мақсатында дренаж жүйесі мен жоталы орларды дұрыс жағдайында ұстау;

д) канал мен су қоймаларының екі жағалауының бүкіл бойынан ені кем дегенде 50 метрлік орман қорғау белдеулерін жасау; ал эрозияға шалдыққан жерлерде орман қорғау белдеулері каналдың санитарлық бірінші қорғау белдеуі бүкіл ені бойынша, ал қажет болған жағдайда осындай жерлерде екінші белдеу шегінде жасалады;

е) жер бетінің сарқынды суларын бірінші белдеу шегінен тысқары бөлуді ұйымдастыра отырып су жинау және басқа да құрылыстар аумағын жер пайдаланушылармен және Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің аумақтық органдарының келісімін ескере отырып жоспарлау; <*

>

ж) су қоймаларында балықтардың шөп қоректі және басқа түрлерін өсіру көзделеді.
Ескерту. 9-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.10.31. N 1082 қаулысымен .

3. Қаныш Сәтпаев атындағы каналды санитарлық қорғау аймағының екінші белдеуінің санитарлық режимі

10. Қаныш Сәтпаев атындағы каналды санитарлық қорғау аймағының екінші белдеуінің аумағында :

а) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетімен (бұдан әрі - Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті), бассейндік су шаруашылық басқармаларымен, қоршаған ортаны қорғау аумақтық басқармаларымен, Қаныш Сәтпаев атындағы канал" республикалық мемлекеттік кәсіпорнымен (бұдан әрі - "Қаныш Сәтпаев атындағы канал" кәсіпорны) келіспейінше объектілер салуға, жерді өңдеудің топырақ қорғау технологиясын, ауыл шаруашылығы алқаптарын пайдалануды бұзуға, пайдалы қазбалардың барлық түрін өндіру үшін карьерлер жасауға, скважиналар бұрғылауға және басқа да жұмыстарға; <*>

б) бірінші белдеуден ені 2 шақырымға дейін болатын, каналмен гидрологиялық байланысы бар аумақта суды тазарту жөніндегі сарқынды суларды, булаушы тоғандарды және басқа да сүзгіш құрылғыларды пайдалану негізінде сүзу алқабын, суландыру алқабын ұйымдастыруға, екінші белдеудің қалған аумағында оларды орналастыру Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетімен (бұдан әрі - Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті), бассейндік су шаруашылық басқармаларымен, қоршаған ортаны қорғау аумақтық басқармаларымен, Қаныш Сәтпаев атындағы канал" республикалық мемлекеттік кәсіпорнымен (бұдан әрі - "Қаныш Сәтпаев атындағы канал" кәсіпорны) келісіледі; <*>

в) қоқыстарды, қатты тұрмыстық және өнеркәсіптік қалдықтарды, көнді төгетін жер жасауға, сұйық заттарды жер астына көмуге, сондай-ақ өлген малды көмуге;

г) жазғы шошқа шаруашылығы лагерьлерін ұйымдастыруға, жұқпалы аурулармен ауырған малды ұстауға, жаюға және айдауға;

д) өсімдіктер мен балықтардың ауруларымен және зиянкестермен күресуге арналған, безгек масасын, шыбын-шіркейлер мен басқа да қансорғыш жәндіктерді құрту үшін улы химикаттарды қолдануға тыйым салынады.

Ескерту. 10-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.10.31. N 1082 қаулысымен .

11. Қаныш Сәтпаев атындағы каналды санитарлық қорғау аймағының екінші белдеуінің санитарлық режимімен мынадай шектеулер белгіленеді:

а) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетімен (бұдан әрі - Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті) келісім бойынша бірінші белдеудің шекарасынан 2 шақырымнан жақын емес аумақта, шошқа өсіретін лагерьлерден басқа,

жазғы мал ұстау лагерьлерін ұйымдастыруға рұқсат етіледі; жазғы лагерьлер сарқынды су мен садыраны жинауға арналған ыдыстармен, сондай-ақ қи құрамындағы нәрселердің сіңуін болдырмайтын қи сақтағыштармен жабдыкталуға тиіс;

б) мал суару арнайы жабдыкталған суару алаңдарында ғана жүргізілуге тиіс;

в) жұқпалы аурулардан сау малды айдау мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық және мал дәрігерлік қадағалау бойынша ғана жүргізілуге тиіс;

г) зиянкестермен, өсімдіктердің ауруларымен және арамшөптермен күреске арналған улы химикаттардың, минералдық және органикалық тыңайтқыштардың орны, құрамы және енгізілу әдістері агрохимиялық қызметпен, Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті органдарымен бассейндік су шаруашылық басқармаларымен, қоршаған ортаны қорғау аумақтық басқармаларымен келісілуге тиіс. < * >

Ескерту. 11-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.10.31. N 1082 қаулысымен .

12. Қаныш Сәтпаев атындағы каналды санитарлық қорғау аймағының екінші белдеуінің санитарлық режимі:

а) елді мекендердің, мал шаруашылығы фермаларының, өндіріс алаңдарының және басқа да объектілердің аумақтарын сұйық және қатты тұрмыстық және өндірістік қалдықтардан, қидан, көше және ауа қоқыстарынан жоспарлы-жүйелі тазартуды жүзеге асыруды;

б) өздерінің аумағынан каналға ластанған сарқынды сулардың түсу мүмкіндігін болдырмайтын сумен жабдықтаудың орталықтандырылған жүйелерін бірінші кезекте жарақтандыруды, елді мекендерді, мал шаруашылық фермалары мен өндірістік объектілерді канализациялау мен көркейтуді;

в) емдеу-мал дәрігерлік мекемелері мен ауру мал изоляторларын каналдың санитарлық қорғау аймағының екінші белдеуінен тысқары орналастыруды, ауырған малды дер кезінде анықтауды, оқшаулауды және каналдың санитарлық қорғау аймағының екінші белдеуінің аумағынан алып кетуге үнемі мал дәрігерлік және санитарлық бақылау жасауды көздейді.

4. Қаныш Сәтпаев атындағы каналды санитарлық қорғау аймақтарында байқау мен бақылауды ұйымдастыру

13. Қаныш Сәтпаев атындағы каналды санитарлық қорғау аймағында және Белая өзенінің су қоймасы мен тармағында санитарлық режимінің сақталуына бақылау жасауды Қазақстан Республикасының Су ресурстары жөніндегі комитеті, Қоршаған ортаны қорғау министрлігі және олардың органдары, Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті және "Қаныш Сәтпаев атындағы канал" кәсіпорны жүзеге асырады.

Ескерту. 13-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.10.31. N 1082 қаулысымен .

14. Каналдағы су қоймаларын балық шаруашылығы үшін игеру процесінде олардың

ластануын болдырмауға бақылау жасау аймақтық балық инспекцияларына, Қазақстан Республикасының Су ресурстары жөніндегі комитетіне, Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі мен олардың органдарына, Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті және "Қаныш Сәтпаев атындағы канал" кәсіпорнына жүктеледі. <*>

Ескерту. 14-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.10.31. N 1082 қаулысымен .

15. Қаныш Сәтпаев атындағы каналды санитарлық қорғау аймағының екінші белдеуі аумағының ауыл шаруашылық және өнеркәсіптік мақсатта игерілуіне бақылау жасау осы Ереженің талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің аумақтық органдарына, Су ресурстары жөніндегі комитеттің, Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің облыстық органдарына, Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетіне жүктеледі. <*>

Ескерту. 16-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.10.31. N 1082 қаулысымен .

16. "Қаныш Сәтпаев атындағы канал" кәсіпорны, сондай-ақ жалпы су пайдалануды жүзеге асыратын барлық заңды ұйымдар мен жеке адамдар Қазақстан Республикасы Су кодексіне және Қазақстан Республикасының "Қоршаған табиғи ортаны қорғау туралы" Заңына сәйкес Қаныш Сәтпаев атындағы каналды санитарлық қорғау режимінің қамтамасыз етілуі мен сақталуы үшін жауапты болады.

17. Каналдағы, Белая өзенінің тармағындағы және су қоймаларындағы судың сапасына лабораториялық бақылау жасауды мына ұйымдар:

а) каналдың бүкіл бойында және Белая өзенінің тармағындағы судың сапасына санитарлық-лабораториялық бақылауды: "Қаныш Сәтпаев атындағы канал" кәсіпорны - тұрақты түрде, Қазақстан Республикасының Су ресурстары жөніндегі комитеті, Қоршаған ортаны қорғау министрлігі мен оның органдары - оқтын-оқтын; <*>

б) шаруашылық-ауыз суды пайдалану пункттеріндегі суды лабораториялық зерттеуді: су пайдаланушылар - тұрақты түрде;

в) шаруашылық-ауыз су және халық демалатын орындарда су пайдалану пункттерінде: Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті - іріктеп ;

г) канал су және Белая өзенінің тармағында суды гидробиологиялық зерттеуді: "Қаныш Сәтпаев атындағы канал" кәсіпорны - тұрақты, Қазақстан Республикасының Су ресурстары жөніндегі комитеті мен Қоршаған ортаны қорғау министрлігі мен оның органдары оқтын-оқтын; <*>

д) балық қорларын қорғау жөніндегі органдар: балық шаруашылығының су пайдалану пункттерінде - іріктеп жүзеге асырады;

е) кеміргіштер, жабайы және үй жануарлары арасындағы індеттік процестердің жай-күйін бақылауды белгіленген тәртіппен мал дәрігерлігін қадағалаудың аумақтық органдары, Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті, обаға қарсы аумақтық станциялар жүзеге асырады;

ж) Қаныш Сәтпаев атындағы каналды санитарлық қорғау аймағында жер заңдарының сақталуына бақылау жасауды Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің аумақтық органдары жүзеге асырады. <*>

Ескерту. 17-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.10.31. N 1082 қаулысымен .

18. Канал қоршауларының, Қаныш Сәтпаев атындағы каналды санитарлық қорғау аймағының бірінші белдеуінің шекарасында орнатылған аралық белгілердің мүлтіксіз сақталуына және дұрыс күйде болуына бақылау жасау - Қаныш Сәтпаев атындағы канал" кәсіпорнына, ал Қаныш Сәтпаев атындағы каналды санитарлық қорғаудың екінші белдеуінің шекарасында орнатылған айырым белгілерге (темірбетон бағаналарға) бақылау жасау жер пайдаланушыларға және "Қаныш Сәтпаев атындағы канал" кәсіпорнына жүктеледі.

19. Каналдың зақымдалған қоршауларын, аралық және айырым белгілерін қалпына келтіруді заңдарда белгіленген тәртіппен "Қаныш Сәтпаев атындағы канал" кәсіпорны кінәлі адамдар есебінен жүргізеді.

Қосымша

Қаныш Сәтпаев атындағы каналды санитарлық қорғау аймағының II-белдеуінің шекаралары

Насос станцияларының, гидротораптар Канал ортасына санитарлық қорғау бөлігінің, су қоймаларының аймағының екінші белдеуі орналасқан жері (километрмен) шекарасының қашықтығы, метрмен а л ғ а н д а			_____ с о л ғ а о ң ғ а		
1			2		3
Ертіс дейінгі тікелей 45 көптеген өзені орналасқан Қаныш қорғау шекарасы	өзенінен Белая алғанда шақырым ескі бойының елді Сәтпаев аймағы өзен	N 1 тармағының учаскесінің Тармақ арналары сол мекендердің атындағы екінші бойынан	насос өте бар.	станциясына учаскесі ұзындығы иректелген, Белая жағалауында шегінде, каналды белдеуінің 0,75-1,5	

шақырымда, 1,0 - 2,0 N	оң шақырымда насос	жағалау станциясы,	бойынша тұр шақырым
0		1 0 0 0	1 0 0 0
8 0		1 1 5 0	1 1 0 0
8 1		1 0 7 0	9 5 0
8 2			1 5 5 0
8 3 , 5			1 0 5 0
8 5			1 0 2 0
8 7			1 0 5 0
8 9		1 3 0 0	1 0 5 0
9 9		1 5 5 0	1 0 0 0
1 0 5		1 0 3 0	1 0 5 0
1 0 8		1 0 0 0	1 0 0 0
1 1 9 , 5		1 1 2 5	1 1 5 5
1 2 4		1 0 1 5	1 0 1 5
Екібастұз	су	қоймасы	бөгені
128-шақырым		1000	1000
128-шақырымнан	142-шақырымға дейін	1000	1000
142-шақырым		1000	1000
1 - гидроторап		бөгені	
173-шақырым		1000	1000
1-гидроторап	су қоймасы шегінде	2000-ға	1800-ге
		дейін	дейін
НС-7	192,6-шақырым	1200	1000
НС-8	199,9-шақырым	1000	1000
	205-шақырым	1000	1000
	213-шақырым	1000	1000
2 - гидроторап		бөгені	
	213,5-шақырым	2000	1000
	214-шақырым	1000	2000
	216-шақырым	1000	3000
	216,5-шақырым	750	750
3-гидроторап	бөгені	1000	1000
3-гидроторап	су қоймасы шегінде		
	235-шақырымға дейін	1500-3000	600-2000
	240-шақырым	1000	1000
4-гидроторап	бөгені	НС-10	
	241,5-шақырым	2500	1400

4-гидроторап	су	қоймасы	шегінде
247,5-шақырымға дейін		750-2500	750-2000
245,5-тен 250-шақырымға дейін		1000	750
НС-11 251,8-шақырым		1875	875
5 - г и д р о т о р а п		б ө г е н і	
254-шақырым		1100	900
5-гидроторап	су	қоймасы	шегінде
265-шақырымға дейін		2500-ге	3500-ге
		д е й і н	д е й і н
265-шақырым		1000	1100
269-шақырым		1250	625
271-шақырым		2000	1200
6 - г и д р о т о р а п		б ө г е н і	
275-шақырым		2000	1500
7 - г и д р о т о р а п		б ө г е н і	
282,3-шақырым		2750	5650
7-гидроторап	су	қоймасы	шегінде
300-шақырымға дейін		1000-4000	2750-6250
300-шақырым		1500	5000
8-гидроторап		б ө г е н і,	НС-14
305,7-шақырым		3000	8000
8-гидроторап	су	қоймасы	шегінде
320-шақырымға дейін		1000-5000	2000-9000
320-шақырым		850	2000
НС-15 327,1-шақырым		2700	850
9 - г и д р о т о р а п		б ө г е н і	
331-шақырым		3000	1500
9-гидроторап	су	қоймасы	шегінде
338-шақырымға дейін		2500-ге	5000-ға
		д е й і н	д е й і н
338-шақырым		1500	3000
НС-16 338,8-шақырым		1500	3000
10 - г и д р о т о р а п		б ө г е н і	
342-шақырым		1500	5000
10-гидроторап	су	қоймасы	шегінде
353-шақырымға дейін		1800-3500	2000-3500
353-шақырым		2800	2000
354-шақырым		2750	2250
11 - г и д р о т о р а п		б ө г е н і	

НС-17 375,3-шақырым	4250	2500
Молодежный поселкесі,		
357-362-шақырымдар		2200-4000
362-ден 376 шақырымға дейін		600-1500
11-гидроторап су қоймасы шегінде		8500-ге
		д е й і н
376-шақырым	4800	1350
	Н С - 1 9	
387,9-шақырым	4000	1500
397-шақырым	3200	1200
Нс-20 405,1-шақырым	3500	3000
	Н с - 2 2	
441,6-шақырым	1500	1200
425-шақырым	1000	1500
Тұзды су қоймасы және	Куу-Чек	поселкесі
428-шақырымнан 437,2-шақырымға	500-10000	1000-3000
	д е й і н	
Тұзды гидроторап	бөгені	
437,2-шақырым	5500	2000